

*К. Оспанова, 3-курс*

*Ғылыми жетекші — А. Т. Шакжанов, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ТЕРГЕУШІНІҢ КҮДІКТІДЕН ЖАУАП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жауап алу дегеніміз — заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті мәліметте алынып, оса қылмысты ашуға пайдаланады. Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Жауап алғанда қылмыстық оқиғаға қатысты мынандай мәліметтер: қылмыстың болған уақыты, орны, әдіс-тәсілі, қылмысты кім жасағандығы, қанша адамның жасағаны, істеген қылмыстық зардабы, залалы, сипаты мен мөлшері және қылмыстық оқиғаның басқа да мән-жайлары анықталады. Бұлар — заңда көрсетілген, міндетті түрде дәлелдеуге тиісті жағдайлар, қылмысты оқиғаға тікелей қатысы бар деректі мәліметтер. Сондай-ақ, жауап алу арқылы тікелей қылмыстық оқиғаға қатысы жоқ, бірақ қылмысты ашуға керекті аралық мәліметтер де алынады. Айталық, қылмыскердің қайда жүргенін, оның мекен-жайын білу үшін қылмыскердің ең жақын адамдарынан да жауап алуға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмыстық оқиғаға тікелей қатысы болмаса да, істі тез ашуда, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда маңызы бар.

Жауап алу — ең көп тарған, ал тактикалық мағынада — ең күрделі әрекеттерінің бірі болып табылады. Жауап алудың көмегімен қылмыстық істің дұрыс шешілуі үшін қажетті қылмыс туралы мәліметтердің айтарлықтай бөлігін алуға және белгілеуге, қылмыстың ниеті мен мақсатын, сондай-ақ оған түрткі болған жағдаяттарды анықтауға болады. Әдебиеттерде кездесетін әр автордың түсінігінде, жауап алу, қылмыстық іс жүргізу нормаларын қатаң түрде қолдану арқылы, сонымен қатар, жауап берушіге психикалық, физикалық зорлық, не болмаса қандайда бір күштеу сияқты заңсыз әрекеттерді жүргізу керектігі айтылады.

Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, ҚПК-нде көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады. Тергеуші жауап алатын адамға қойылатын сұрақтары: негізгі, қосымша, нақтылаушы, бақылаушы сұрақтар болып бөлінді:

- негізгі сұрақтар — жауап алу пәнінің толығымен бір бөлігін қамтиды;
- қосымша сұрақтар — жауап алынып отырған адамның еркін баяндау кезінде ұмытып кеткен мән-жайларды анықтау үшін қолданылады.
- нақтылаушы сұрақтар — жауап алынып отырған адамның берген айғақтарын анықтау, нақтылау үшін қолданылады.
- бақылаушы сұрақтар — жауап берушінің іс үшін маңызы бар берген айғақтарын тексеру үшін қолданылады.

Тергеушінің шешімі бойынша, күдіктінің, куәнің немесе жәбірленушінің өтініші бойынша жауап алу кезінде дыбыс және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алу аяқталғаннан кейін дыбыс және бейнежазба толығымен жауап алынып отырған адамға тыңдатылып, көрсетіледі. Жауап берушінің дыбыс және бейнежазба толықтыру ретіндегі жауаптарды да дыбысжазу және бейнежазуға енгізіледі.

Күдіктіден жауап алу тактикасы — ең қиын, әрі күрделі тергеу әрекеті. Тактикалық тәсілдерді дұрыс таңдап алу күдіктінің тұлғасын, жауап берушінің жеке басын, жауап берушінің және басқа да істің мән-жайларының мүмкіндігін қоса алғанда, шынайы және толық айғақ алуға, күдіктінің өтірігін ашуға, жауап алу барысында айғақтың ақиқаттылығын тексеруге мүмкіндік беруіне өзінің септігін тигізеді. Егер күдікті өзіне тағылған айыпты мойнына алып, істің мән-жайын өз еркімен баяндаса, қылмыстың толық мән-жайы анықталып, қайшылықсыз қылмыстық істі ашуға болады. Кейінірек, егер күдікті өзі берген жауабын өзгерткісі келсе, ол оны жасай алмайды, жасаған күнде де, оның мәнісі болмайды.

Жауап алушы және тергеушінің арасында қайшылықты жағдай қалыптасқан кезде басқаша тактикалық әдістер қолданылады, ол әдістер жауап беруші адамның өтірік айтып отырғандығын әшкерелеуге бағытталған. Мұндай күдіктінің алибиін әшкерелеу үшін қолданылатын ең бірінші тәсіл — жауап беруші адамнан неғұрлым толық жауап алу, ұқсас оқиғаның бәрін қамту айыпталушы жалпы оқиға бойынша беретін жауаптарын алдын ала дайындап келмеген, сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде абдырап өз өтірігін өзі шығарып алады. Әсіресе қайта жауап алғанда осылай болады. Жауап беруші адамның өтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін істе осы факті бойынша жиналған басқа дәлелдемелерді, айғақ заттарды пайдалану керек.

Күдіктінің айғақтарын тексерудің тағы да бір тактикалық тәсілі болып, бұрындары осы мән-жайларға қасытысты жауап берген тұлғадан қайта жауап алу. Күдіктілердің, егер олар іс бойынша бірнешеу болса, берген айғақтары бірдей болса, онда мұны сөз байласу нәтижесінде туындаған келісім болуы мүмкіндігін анықтау тергеушіге жүктеледі.